

КӘСПОРЫНДАҒЫ ЕҢБЕК АҚЫ: ЖҮЙЕЛЕРІ МЕН НЫСАНДАРЫ

Практикалық сабаққа арналған нұсқаулар, формулалар

Кесімді жалақы келесідей түрлерді қарастырады: тура кесімді, кесімді-сыйлықты, аккордты, кесімді жанама және кесімді-прогрессивті. Бұл формалар сапалы өндірілген өнім көлеміне байланысты қолданылады.

Қарапайым (тура) кесімді – жалақы өнім немесе жұмыс бірлігін өндіруі үшін қойылған ставка – кесімді баға бойынша есептеледі және бекітілген өнім өндіру немесе уақытын нормасын қарастырады және төлем мөлшері өндірілген өнім көлеміне тура тәуелді:

$$ЗП_{кес} = tcd \times Q, \quad (1)$$

мұнда tcd – шығарылған өнім бірлігіне қойылған кесімді баға (белгілі бір тауарға немесе жұмысқа қойылған баға)

Q – өндірілген өнім саны.

$$tcd = Нвр \times Tcaг; \quad (2)$$

$$tcd = Tcaг / Нвыр \quad (3)$$

Кесімді-сыйлықты – тура кесімді бағалама ақыға жоспарлы тапсырманы артық орындағаны үшін сыйлықақы қоса төленеді. Сыйлықақы мөлшері көбінесе артық орындаған әрбір пайызы үшін тағайындалады.

Аккордты – жалақы әрбір жұмыс түріне жеке емес, орындалу мерзімін көрсете отырып барлық жұмыс көлеміне толығымен белгіленеді және сәйкес кесімді бағалар мен жұмыс көлеміне байланысты анықталады.

Кесімді жанама – еңбектері өнім өндіруге және негізгі жұмысшылардың өнімділігіне әсер ететін жұмысшылардың еңбегін төлеуге қолданылады.

Кесімді-прогрессивті – бұл жүйеде бекітілген өнім және жұмыс көлеміне ақы тура кесімді жүйемен төленеді. Ал бекітілген көлемнен тыс өндіргені үшін көтерілген ставкалармен төленеді. Онда бекітілген өндіріс көлемінің нормасы неғұрлым артық орныдалса жұмысшының жалақысы соғұрлым прогрессиивті арта түседі.

Мерзімді жалақы

Қарапайым мерзімді – жалақы шектелген уақытқа сағаттық тарифтік ставка бойынша есептеледі:

$$ЗП_{мер} = T_{caг} \times T_{ч} \quad (4)$$

мұнда $ЗП_{мер}$ – мерзімді жалақы нысаны, тенге;

$T_{caг}$ - сағаттық тариф қойылымы, тенге;

$T_{ч}$ - факт бойынша істеген сағат уақыт мөлшері, сағат.

Мерзімді сыйлықты – жұмысшыға тарифтік ЖА-дан басқа тарифтік жалақыдан % бойынша алынатын сыйлық ақы төленеді.

Айлық (оклад) – қызметкерге ЖА оның айлық лауазымдық окладына сәйкес жұмыс істеген күндер санына төленеді.

$$ЗП_{окл} = \tau_{айл} * Дф / Дгр, \quad (5)$$

мұнда $\tau_{айл}$ – айлық мөлшері немесе бір айдағы ставка оклад

$Дф, Дгр$ – сәйкесінше бір айдағы нақты және жоспар (график) бойынша жұмыс істеген күндер саны.

Кәсіпорынның еңбекақы қоры (ФЗП) – бұл барлық санаттағы қызметкерлердің еңбекақысын төлеуге бағытталған қаражат және ол өнімнің немесе қызметтің өзіндік құнаны енгізіледі.

ФЗП құрамына мыналар кіреді:

1 Жасалған жұмыс пен жұмыс істеген уақыты үшін төленетін жалақы

2 Үнталандыру төлемдері

3 Еңбек шарттары мен жұмыс кестесіне байланысты сипаттағы
компенсациялық төлемдер

4 Жұмыс істемеген уақытының төлемі

5 Әлеуметтік сипаттағы жеке төлемдер

1 - еңбекақы қоры кесімді бағалар және сағаттық тарифтік ставкалар бойынша анықталады және тарифтік деп аталады және негізгі болып табылады және айлық бойынша.

1,2,3 - Негізгі ЕАҚ –на тарифтік қор, барлық үстемелер мен қосымшалар кіреді.

$$\PhiЗП_{нег} = \PhiЗП_{тар} + \text{Үстеме} + \text{Қосымша ақы} \quad (6)$$

$$\PhiЗП_{жалпы} = \PhiЗП_{нег} + \PhiЗП_{қосым} + \text{Сәлеум} \quad (7)$$